

Мемлекеттік реттеуге жататын теміржол көлігімен жүк тасымалдауға арналған тарифтерге кеміту коэффициенттерін белгілеу және алып тастау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі 1999 жылғы 30 желтоқсан N 24-ОД. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 6 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 1024. Бұйрық күшін жойды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 5 тамыздағы N 337-ОД бұйырығымен

Қазақстан Республикасының "Табиғи монополиялар туралы" Заңы 13-бабының 4-тармақшасы, 15-бабының 3-тармақшасын басшылыққа ала отырып, табиғи монополистер көрсететін қызметтерге арналған тарифтерден шегерім жасаудың тәртібі мен шарттарын белгілеу мақсатында бұйырамын:

1. Мемлекеттік реттеуге жататын теміржол көлігімен жүк тасымалдауға арналған тарифтерге кеміту коэффициенттерін белгілеу және алып тастау Ережесі бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Заң басқармасы (Машинистова Е.Г.) осы бұйрықтың белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Жалпы бөлімі (Бөкеншин Қ.Н.) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін аумақтық органдарға жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Төраға орынбасары С.Ш. Құрманғалиевке жүктелсін.

Агенттік төрағасы

Мемлекеттік реттеуге жататын теміржол көлігімен жүк тасымалдау тарифтеріне төмендету коэффициенттерін белгілеу және алып тастау Ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер " Қазақстан Республикасындағы көлік туралы ", " Табиғи монополиялар туралы " және "Бәсекелестікті дамыту және монополистік қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік реттеуге жататын көлік кәсіпорындары арқылы жүк тасымалдаудың тарифтеріне төмендету коэффициенттерін енгізу мен алып тастаудың бірыңғай тәртібін белгілеу мақсатында әзірленді.

2. Осы Ережелер мемлекеттік реттеуге жататын көлік кәсіпорындары арқылы жүк тасымалдаудың тарифтеріне төмендету коэффициенттерін белгілеудің және алып тастаудың тәртібі мен шарттарын белгілейді.

3. Егер Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шартпен өзгедей ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қ о л д а н ы л а д ы .

4. Осы Ережелерде мынадай ұғымдар қолданылады: мемлекеттік реттеуге жататын жүк тасымалдау тарифтері - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бағаларды (тарифтерді) мемлекеттік реттеуді іске асыруға уәкілетті мемлекеттік органдардың бекітуіне жататын көлік кәсіпорындары арқылы жүк т а с ы м а л д а у т а р и ф т е р і ;

мүдделі мемлекеттік органдар - өз құзыретінің күшімен теміржол көлігі арқылы қандай да бір саланың жүктерін тасымалдаудың Қолданылып жүрген тарифтеріне төмендету коэффициенттерін белгілеуге немесе алып тастауға мүдделі, Көлік және коммуникациялар министрлігін, Мемлекеттік кіріс министрлігін, Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінен басқа, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары;

өтеу кестесі - клиент пен көлік кәсіпорны басшысының қолымен расталған клиенттің көлік кәсіпорнының алдындағы дебиторлық берешегін өтеу кестесі.

Осы Ережелерде қолданылып отырған өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес қолданылады.

2. Төмендету коэффициенттерін белгілеу мен алып тастау мақсаттылығының өлшемдері

5. Төмендету коэффициенттері мемлекет үшін осы шараның экономикалық тиімділігі есебінің, көлік кәсіпорнымен клиент үшін экономикалық мақсаттылығының негізінде экономиканың қандай да бір саласының өнімдерін тасымалдау тарифтеріне белгіленеді.

6. Қандай да бір саланың өнімдерін тасымалдау тарифтеріне төмендету коэффициенттерін (бұдан әрі - төмендету коэффициенттері) белгілеу мақсаттылығының негізгі өлшемдері:

- 1) бюджетке түсетін салық төлемдерін сақтау;
- 2) жаңа жүк тасқынын тарту - тасымалдау көлемін арттыру;
- 3) жұмыс істемейтін немесе әлсіз жұмыс істейтін учаскелерді пайдалану м ү м к і н д і г і ;
- 4) өнеркәсіптік өндірістің қосымша өнімінің экологиялық қауіптілігі болып т а б ы л а д ы .

7. Белгіленген төмендету коэффициенттерін қолдану клиенттің дебиторлық

берешегі болмаған жағдайда немесе оны өтеу кестесіне сәйкес өтеген, өткен кезеңдермен салыстырғанда тасымалдау көлемін арттырған (сақтаған) жағдайда і с к е а с ы р ы л а д ы .

Сонымен бірге осы тармақтың бірінші абзацында белгіленген шарттарды орындау, клиенттің нақты орындалған тасымалдау көлеміне, уақыттың тиісті кезеңі үшін төмендету коэффициенттерін қолданбай-ақ, қайта есептеу түріндегі міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкершілігі көзделетін көлік кәсіпорны мен клиент арасында шарттар жасасу жолымен іске асырылады.

8. Төмендету коэффициенттері белгілі бір кезеңге белгіленеді. <*>

Ескерту: 8-тармақ өзгертілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі төрағасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы N 249-1-ОД бұйрығымен .

9. Төмендету коэффициенттерін алып тастау мақсаттылығының өлшемдері мемлекет және (немесе) көлік кәсіпорны үшін төмендету коэффициенттерін одан әрі қолданудың экономикалық тиімсіздігі немесе осы Ережелердің 6-тармағында аталған негізгі өлшемдерге сәйкессіздігі болып табылады.

3. Төмендету коэффициенттерін белгілеу тәртібі

10. Төмендету коэффициенттерін белгілеуге мүдделі клиент мұндай белгілеудің қажеттігі туралы өтінімді көлік кәсіпорнына, мүдделі мемлекеттік органдарға, Көлік және коммуникациялар министрлігіне және Мемлекеттік кіріс министрлігіне, Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігіне (бұдан әрі - Агенттік) ұсынуға тиіс.

Сонымен бірге аталған ұйымдар мен мемлекеттік органдар заңдармен қорғалатын мәліметтерді жария еткені үшін белгіленген тәртіппен жауапқа т а р т ы л а д ы .

11. Клиенттің өтініміне осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес қажетті материалдар қоса берілуге тиіс.

Өтінімге қоса берілген материалдар мынадай талаптарға жауап беруге тиіс:

1) әрбір бетке - клиент, ал қаржы құжаттарына клиенттің бас бухгалтері қол қ о ы д ы ;

2) өткен кезең ішіндегі нақты деректер ұсынылуға тиіс.

12. Осы Ережелерге сәйкес талап етілген қажетті материалдарды ұсынбау немесе толық көлемде ұсынбау өтінімді қараудан бас тарту үшін негіз болып т а б ы л а д ы .

Агенттік, көлік кәсіпорны, мүдделі мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Мемлекеттік кіріс министрлігі 5 күннің ішінде өтінімді қарауға қабылдағаны не өтінімді қараудан бас тартқаны туралы клиентті жазбаша түрде хабардар етуге тиіс.

Сонымен бірге клиент растайтын құжаттарды ұсына отырып, барлық аталған ұйымдар мен мемлекеттік органдарды екі күн мерзім ішінде осы факті туралы х а б а р л а н д ы р у ғ а м і н д е т т і .

Клиент өтінімді қарауға қабылдағаны туралы растайтын құжаттарды белгіленген мерзімде ұсынбаған жағдайда, көлік кәсіпорны, мүдделі мемлекеттік органдар, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Мемлекеттік кіріс министрлігі өтінімді Агенттікте қарауды 5 күннен аспайтын мерзімге тоқтата т ұ р а д ы .

Мұндай тәртіп бұзушылықтар жойылған жағдайда, өтінімді қарау мерзімі осы Ережелердің 14-тармағында көзделген мерзімдерді ескере отырып, жаңартылады .

Аталған тәртіп бұзушылықтар өтінімді қарау тоқтатылған сәттен бастап, 5 күннің ішінде жойылмаса, Агенттіктің өтінімді қабыл алмауына негіз болып т а б ы л а д ы .

13. Қажет болған жағдайда, Агенттік, көлік кәсіпорны, мүдделі мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі мен Мемлекеттік кіріс министрлігі қосымша ақпарат сұратуға құқылы.

14. Көлік кәсіпорны, мүдделі мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі мен Мемлекеттік кіріс министрлігі өтінім берушіден негіздеуші материалдарды алған күннен бастан 15 күннің ішінде төмендету коэффициентін белгілеудің экономикалық мақсаттылығы не мақсатсыздығы туралы қорытындыны Агенттікке және к л и е н т к е ұ с ы н а д ы .

Мүдделі мемлекеттік орган ұсынған қорытындыға 2-қосымшаға сәйкес материалдар қ о с а б е р і л е д і .

Уәкілетті лауазымды тұлғалар қорытындыға қоса берілген материалдардың ә р б і р б е т і н е қ о л қ о я д ы .

Аталған ұйымдар мен мемлекеттік органдар қорытындыларды белгіленген мерзімде ұсынбаған жағдайда, өтінімді Агенттікте қарау мерзімі тиісті қорытындылар алғанға дейін тоқтатыла тұрады, бірақ бұл мерзім 5 күннен а с п а у ғ а т и і с .

Өтінімді қарау тоқтатылған сәттен бастап, 5 күннің ішінде аталған ұйымдар мен мемлекеттік органдар қорытындыларды ұсынбаған жағдайда, Агенттік сол себеп бойынша өтінімді қабыл алмауға не дербес шешім қабылдауға құқылы.

15. Агенттік клиент ұсынған негіздеуші материалдарға және көлік кәсіпорнының, мүдделі мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі мен Мемлекеттік кіріс министрлігінің қорытындыларына клиенттен материалдарды алған күннен бастап, 30 күннің і ш і н д е с а р а п т а м а жүргізеді.

16. Жүргізілген сараптамалардың нәтижелері бойынша Агенттік төмендету коэффициенттерін белгілеу не мұндай белгілеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Төмендету коэффициенттерін белгілеу туралы шешім Агенттік төрағасының бұйрығы түрінде қабылданады.

Төмендету коэффициенттерін белгілеу туралы бұйрық мүдделі мемлекеттік органға, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне, Мемлекеттік кіріс министрлігіне, көлік кәсіпорнына жіберіледі.

Төмендету коэффициенттерін белгілеуден бас тартқан жағдайда, Агенттік тиісті дәлелдеу қорытындысын шығарады, ол клиентке, көлік кәсіпорнына, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне, Мемлекеттік кіріс министрлігіне және мүдделі мемлекеттік органдарға жіберіледі.

17. Егер көлік кәсіпорны, мүдделі мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Мемлекеттік кіріс министрлігі төмендету коэффициенттерін белгілеуге келіспегендері туралы қорытындылар шығарған жағдайда, түпкілікті шешімді Агенттік қабылдайды.

18. Төмендету коэффициенттерін белгілеу туралы ақпаратты көлік кәсіпорны Агенттік бұйрығының қолданысқа енгізілуіне 10 күн қалғанға дейін, одан кешіктірмей клиенттердің назарына жеткізуге тиіс.

19. Көлік кәсіпорны Агенттікке, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі мен Мемлекеттік кіріс министрлігіне тоқсан сайын уақыттың тиісті кезеңі ішінде төмендету коэффициенттерін қолдана отырып, жүк тасымалдау жөнінде көрсетілген қызметтер туралы ақпарат беріп отырады.

4. Төмендету коэффициенттерінің қолданылу күшін алып тастау және ұзарту тәртібі <*>

Ескерту: 4-бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі төрағасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы N 249-1-ОД бұйрығымен.

20. Төмендету коэффициенттерінің қолданылуы белгіленген мерзім аяқталғанда тоқтатылады, сонымен бірге Агенттік төрағасының төмендету коэффициентін алып тастау туралы бұйрық шығаруы талап етілмейді.

21. Агенттік белгіленген төмендету коэффициенттерінің қолданылуын осы Ережелердің 9-тармағына сәйкес белгіленген мерзім аяқталғанға дейін өздігінен алып тастауға не, өнеркәсіп өндірісі жанама өнімінің экологиялық қауіпті жағдайында, олардың қолданылу күшін ұзартуға құқылы, бірақ бір тоқсаннан аспауға тиіс. Осы шешім қабылданған жағдайда, Агенттік қорытынды үшін көлік

компаниясына, мүдделі мемлекеттік органдарға, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне, Мемлекеттік кіріс министрлігіне өтініш жасауға құқылы. <*>

Ескерту: 21-тармақ толықтырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі төрағасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы N 249-1-ОД бұйрығымен.

22. Клиент, көлік кәсіпорны, мүдделі мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі мен Мемлекеттік кіріс министрлігі төмендету коэффициенттерін алып тастау туралы, сонымен бірге мұндай алып тастаудың қажеттігін негіздейтін материалдарды ұсына отырып, ұсыныспен Агенттікке өтініш жасауға құқылы.

23. Агенттік 30 күннің ішінде қарауға ұсынылған негіздеуші материалдарды қарайды және оған сараптама жүргізеді және осы Ережелердің 9-тармағында көзделген жағдайларда, Агенттік көлік кәсіпорнын, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігін, Мемлекеттік кіріс министрлігін және мүдделі мемлекеттік органдарды жазбаша хабарландыра отырып, белгіленген төмендету коэффициенттерін алып тастау туралы бұйрық түрінде шешім қабылдайды.

Белгіленген төмендету коэффициенттерін алып тастау немесе қолданылу күшін ұзарту туралы ақпаратты көлік кәсіпорны Агенттік бұйрығының қолданысқа енгізілуіне 10 күн қалғанға дейін, одан кешіктірмей клиенттердің назарына жеткізуге тиіс.

Төмендету коэффициенттерінің қолданылуын алып тастау туралы ұсыныс қабыл алынбаған жағдайда, дәлелдеу қорытындысы шығарылады, ол осындай ұсыныспен өтініш жасаған тұлғаларға жіберіледі. <*>

Ескерту: 23-тармақ толықтырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі төрағасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы N 249-1-ОД бұйрығымен.

Мемлекеттік реттеуге жататын теміржол көлігімен жүк тасымалдау тарифтеріне төмендету коэффициенттерін белгілеу және алып тастау ережелеріне N 1 қосымша

Өз саласының жүктерін тасымалдау тарифтеріне төмендету коэффициенттерін белгілеуге мүдделі клиент ұсынып отырған материалдар

- 1) Өтінім (еркін түрде);
- 2) Клиенттің толық атауы (жеке немесе заңды тұлға), қызметінің түрі;
- 3) төмендету коэффициенттерін белгілеу нәтижесінде бюджет алдындағы

салық міндеттемелерін арттыру (сақтау) есебі енгізілген тарифтерге төмендету коэффициенттерін белгілеу қажеттігінің анықтама-негіздемесі;

4) баланс көлеміндегі қаржы-шаруашылық қызметінің талдамасы және өткен жылғы түсіндірме жазбалар (тоқсан, жарты жыл);

5) дәл атауы көрсетілген жүктердің номенклатурасы (дайын өнім, өндіріске арналған шикізат);

6) шығын баптары бойынша бөлінген дайын (шығарылатын) өнімнің өзіндік құны;

7) шикізат, дайын өнім тасымалдауға жұмсалған көлік шығыстарының құрамы, олардың жалпы шығыстағы үлес салмағы, оның ішінде жеке теміржол тарифі;

8) дайын (шығарылатын) өнімді өндіру мен өткізу және сатып алынатын шикізат бағаларының серпінділігі;

9) дайын (шығарылатын) өнімді сату бағасына әсер ететін шикізатты сатып алуға арналған шығындар, оның ішінде жеке теміржол тарифі;

10) көлік кәсіпорнының алдындағы берешектің жай-күйі (үстіміздегі айдың бірі күнгі өзара есеп айырысуды салыстыру актісі және клиент пен көлік кәсіпорны бірінші басшысының қолдарымен расталған көлік кәсіпорнының алдындағы клиенттің дебиторлық берешегін өтеу кестесі);

11) өткен жылғы айлар бойынша бөлінген дайын (шығарылатын) өнім мен шикізатты тасымалдау көлемінің серпінділігі;

12) үстіміздегі жылғы дайын (шығарылатын) өнімді және ай сайынғы шикізатты тасымалдау көлемі;

13) бағыттарын ескере отырып, арақашықтығын көрсете отырып, айлар бойынша бөлінген жылға арналған дайын (шығарылатын) өнімдер мен шикізатты тасымалдаудың жоспарланған көлемі;

14) шикізат пен дайын өнім тасымалданатын жылжымалы құрамның түрі және керек-жарағы;

15) шикізатты беріп тұрушы - кәсіпорынның толық атауы;

16) өнімді сатып алушы (алушы) - алушының толық атауы.

Мемлекеттік реттеуге жататын теміржол көлігімен жүк тасымалдау тарифтеріне төмендету коэффициенттерін белгілеу және алып тастау ережелеріне

N 2 қосымша

Мүдделі мемлекеттік органдардың Агенттікке ұсынып отырған материалдары

1) төмендету коэффициенттерін белгілеу нәтижесінде бюджет алдындағы салық міндеттемелерін арттыру (сақтау) есебі енгізілген, саланың белгілі бір жүк

түрлерін өнімдерін тасымалдау тарифтеріне төмендету коэффициенттерін белгілеу қажеттігінің анықтама негіздемесі;

2) ірі субъектілердің - жүктің осы түрін тасымалдаудың жалпы көлеміндегі үлесі 10%-тен артық жүктің осы түрін тасымалдауды іске асыратын жүк жөнелтушілердің, жүк алушылардың тізбесі;

3) ірі субъектілердің шығын баптары бойынша бөлінген дайын (шығарылатын) өнімдерінің өзіндік құны;

4) шикізат, дайын өнім тасымалдауға жұмсалған көлік шығыстарының құрамы, олардың жалпы шығыстағы үлес салмағы, оның ішінде ірі субъектілер бойынша жеке теміржол тарифі;

5) дайын (шығарылатын) өнімді өндіру мен өткізу және сатып алынатын шикізат бағаларының серпінділігі;

6) ірі субъектілердің дайын (шығарылатын) өнімді сату бағасына әсер ететін шикізатты сатып алуға арналған шығындары, оның ішінде жеке теміржол тарифі;

7) ірі субъектілердің өткен жылғы айлар бойынша бөлінген дайын (шығарылатын) өнім мен шикізатты тасымалдау көлемінің серпінділігі;

8) ірі субъектілердің үстіміздегі жылғы дайын (шығарылатын) өнімді және ай сайынғы шикізатты тасымалдау көлемі;

9) бағыттарын ескере отырып, арақашықтығын көрсете отырып, айлар бойынша бөлінген жылға арналған дайын (шығарылатын) өнімдер мен шикізатты ірі субъектілердің тасымалдауының жоспарланған көлемі;

10) ірі субъектілердің шикізат пен дайын өнім тасымалдайтын жылжымалы құрамның түрі және керек-жарағы;

11) ірі субъектілерге шикізатты беріп тұрушы - кәсіпорынның толық атауы;

12) ірі субъектілердің өнім сатып алушылары (алушылары) - кәсіпорындардың-алушылардың толық атауы.